

Сабақтың тақырыбы: Көкөністер

Сабақтың мақсаты:

А) Оқушыларға көкөніс туралы түсінік беру, жемістерді көкөністерден ажырата білуге дағдылау.

Ә) сын тұрғысынан ойлауға баулу, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру.

Б) адамгершіліктің ізгі қасиеттері әдептілікке, адамгершілікке, ұқыпты болуға тәрбиелеу

Сабақтың түрі: ашық сабақ

Сабақтың әдісі: түсіндіру, ой қозғау, сұрақ-жауап, тапсырмалар орындау.

Сабақтың көрнекілігі: плакат, суреттер, сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі:

Сабақты Әнұранмен ашу

Оқушылармен амандасу,

Оқушыларды түгелдеу, сынып журналын толтыру

Сынып тазалығына назар аудару

Пәнге қажетті оқу құралдарын даярлау

2.Үй тапсырмасын сұрау

Жемістер жайлы жазып келген жұмбақтарын оқыту, тексеру.

3.Жаңа сабақ

Күз болса бәріміз қарық боламыз.

Дәмді, түрлі түсті, жегің келе береді.

Бұл не болуы мүмкін?

Әрине, көкөністер, жеміс-жидектер.

- Сендер жемістер мен көкөністерді ажырата білесіңдер ме?

- Көкөністер жерде піседі, ал жемістер ағашта піседі.

- Көкөністерді біліп алайық.

Қияр, қызанақ, сәбіз, бұрыш, сарымсақ, қызылша, қауын, қарбыз, асқабақ, пияз, орамжапырақ, т.б.

Көкөністердің бізге қажеттілігін айтып өтейік.

1. сарымсақ , пияз – тұмаудан сақтайды

2. қызылша – денеміздегі қанды көбейтеді.

3. Қызанақ, сәбізде – әртүрлі дәрумендер бар.

Олардың біздің ағзамызға өте пайдасы көп. Сондықтан біз көкөністерді, жемістерді көп пайдаланып, жеуміз керек.

Жемістерден шырын, көкөністерден салаттар дайындауға болады.

- Сендер көкөністер, жемістер туралы жұмбақтар білесіңдер ме?


1) Іші жұмсақ, сырты қатты,

Еті қызыл, сүті тәтті.

- (қарбыз)
- 2) Қалың киім ұнатады
Шешіндірсең, жылатады.
(пияз)
- 3) Үстіне тігіп көк шатыр
Астында қызғылт дәу жатыр
(қызылша)
- 4) Жер астында жез қазық,
Жеуге болар ас қазық.
(сәбіз)
- 5) Аласа тауда алуан алма,
Алқызылболмай аузыңа салма.
(қызанақ)
- 6) Жерге қазық қақтым,
Басына айдар тақтым
(сәбіз)

- Сендер жұмбақтар біледі екенсіңдер.

Енді **1-тапсырма**. Ондағы сөзжұмбақты шешу керек. Суреттегі көкөністерді, жемістерді тауып, тор көздің ішін толтырыңдар.



2. тапсырма.

Сыныпты үш топқа болып тапсырмалар орындату.

I-топ. **Берілген сөздерді буынға бөліп жаз.**

О-рам-жа-пы-рак, пи-яз, ал-мұрт, кө-кө-ніс.

II-топ. «Көкөністер» деген сөзден дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырат.

Дауыссыз дыбыстар: к, н, с, т, р

Дауысты дыбыстар: ө, і, е

III-топ. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қой.

Алм.рт, , .арбыз, .ауын, ж.з.м, пи.з.

Сергіту сәті.

3. тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Доп-дөңгелек доптай,

Іші қызыл шоқтай.

Дәмін татып көрсең,

Одан дәмді жоқтай.

(қарбыз)

4. тапсырма.

Сурет бойынша сөйлем құру, жазу.



Айжан сатып алды.



өте тәтті жеміс.



денсаулыққа пайдалы.

Пысықтау кезеңі

Жемістер мен көкөністерге жасырынған сұрақтарға жауап беріп, ажырат

Алма сұрағы: Азық-түліктерді ата.

Анар – Сен қай мектепте оқисың?

Алмұрт – Қыс айларын ата.

Қызанақ – Отбасында кімдер бар?

Бұрыш – Жемістерді ата

Өрік – Қысқы киімдерді айт

Сәбіз- Жемістер мен көкөністердің айырмашылығын түсіндір.

Қара өрік – Көкөністердің бізге қандай пайдасы бар?

Шие – Адамның есіміне қандай сұрақ қояды?

Орамжапырақ – Бір буынды сөздер айт.

Қызылша – Оқу құралдарын ата.

Жүзім – Көше қиылысында жолды не көрсетеді?

Пияз – Көкөністерді ата

Қияр – Қай мамандық иесі болғың келеді?

Картоп – Өз бөлмең туралы әңгімеле.

Қауын – Қай ауылда тұрасың?

Банан – Жемістерді жақсы көресің бе?

Үй жұмысынберу.

5-тапсырма. Сөйлемдерді жаз

Бағалау.